

**Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі төрағасының кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитеті төрағасының 2006 жылғы 10 сәуірдегі N 140 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2006 жылғы 21 сәуірде тіркелді. Тіркеу N 4197. Бұйрықтың күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитеті төрағасының 2007 жылғы 14 қарашадағы N 344 бұйрығымен.

*Ескерту: Бұйрықтың күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитеті төрағасының 2007 жылғы 14 қарашадағы N 344 бұйрығымен.*

*Үзінді:*

*"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27 және 40-баптарына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:*

*1 . . . . .*

*2. Осы бұйрықтың тізбесіне сәйкес кеден ісі саласындағы бұйрықтардың күші жойылды деп танылсын.*

*3 . . . . .*

*4 . . . . .*

*5 . . . . .*

*6. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.*

*Төраға*

*Қазақстан Республикасы Қаржы  
министрлігі Кедендік бақылау  
комитеті төрағасының 2007 жылғы  
14 қарашадағы N 344 бұйрығына  
қосымша*

*Күші жойылған кейбір бұйрықтардың тізбесі*

*1 . . . . .*

*2. "Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі төрағасының кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитеті төрағасының 2006 жылғы 10 сәуірдегі N 140 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде 2006 жылғы 21 сәуірде N 4197 болып тіркелген, 2006 жылғы 3*

Қазақстан Республикасы Кеден кодексінің 407, 408-баптарының кедендік ресімдеу жөніндегі мамандардың қызметіне байланысты нормативтік құқықтық реттеу бөлігіндегі мәселелерге сәйкес, сондай-ақ "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29 қазандағы N 1133 қаулысына сәйкес,  
**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Кедендік бақылаудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 13 мамырдағы N 201 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2276 болып тіркелген, 2003 жылғы 26 маусымдағы N 30 "Ресми газетте" жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

барлық мәтін бойынша:

"агенттігінің" деген сөз "комитетінің" деген сөзбен ауыстырылсын;  
"Кедендік бақылау" деген сөздердің алдынан "Қаржы министрлігі" деген сөздермен толықтырылсын;

4 - тармақта:

"бірінші" деген сөз алып тасталсын;  
"А.Қ. Ержановқа" деген сөз "Б.Т. Әбдішевке" деген сөзбен ауыстырылсын;  
көрсетілген бұйрықпен бекітілген Санаткерлік меншік объектілері бар тауарлардың тізілімін жүргізудің және оны кеден органдарына және мәлімдеушіге жеткізудің ережесінде:

қосымшаларда:

оң жақ жоғары бұрышындағы "Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 13 мамырдағы N 201 бұйрығымен бекітілген" деген сөздер алып тасталсын;

барлық мәтін бойынша:

"агенттігінің" деген сөз "комитетінің" деген сөзбен ауыстырылсын;  
"Кедендік бақылау" деген сөздердің алдынан "Қаржы министрлігі" деген сөздермен толықтырылсын;

аталған бұйрықпен бекітілген Кедендік ресімдеу жөніндегі мамандарды аттестациялаудың ережесінде:

14 - тармақта:

"кезекті" деген сөз алып тасталсын;

22 - тармақта:

"және маманның жеке нөмірлік мөрі" деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 22-1-тармақпен толықтырылсын:

"22-1. Аттестат пен жеке бейжды алғаннан кейін маман кедендік ресімдеу жөніндегі қызметтерді жасау үшін жеке нөмірлік мөр (бұдан әрі - мөр) дайындалды.

Мөр мынадай талаптарға жауап беруі тиіс:

физикалық параметрлері: жалпы өлшемі - 38 x 14 миллиметр, сыртқы шеңбері - 36 x 12 миллиметр, ішкі шеңбері - 35 x 11 миллиметр;

аттестаттың нөмірі шеңбердің сыртында сол жақта үстінен және оң жақта астынан, сондай-ақ шеңбердің ішінде төменгі жиек бойынша мөрдің ортасында көрсетіледі;

шеңбердің ішкі оң жағында Қазақстан Республикасы кеден органының тану белгісі (эмблемасы): ішінде шаңырақ бейнеленген сегізқырлы жұлдыз көрсетіледі;

жұлдыз ішінде шаңырақтың үстінде "Кеден" деген жазу және шаңырақтың астында - "Customs" деген жазу көрсетіледі".

34-тармақта "жеке нөмірлік" деген сөздер алып тасталсын;

41-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"41. Аттестатты және (немесе) жеке бейжды жоғалтқан жағдайда, маман он жұмыс күнінің ішінде уәкілетті органға жоғалту жағдайлары туралы мәліметтерді баяндай отырып және аттестат пен жеке бейждың көшірмесін беру туралы қолдаухатпен жазбаша өтініш жолдайды.

Өтінішке қоса:

- 1) маманның жеке бас куәлігінің көшірмесі;
- 2) егер жеке бейдж жоғалған жағдайда, маманның түрлі-түсті екі фотосы (3x4 мөлшеріндегі) беріледі.

Көшірмелерді беру кедендік ресімдеу жөніндегі мамандардың тізіліміне сәйкес он жұмыс күнінің ішінде жүргізіледі.

Кедендік ресімдеу жөніндегі мамандардың біліктілік аттестаттарын тіркеу журналына көшірмелерді беру туралы тиісті жазбалар енгізіледі.";

Мынадай мазмұндағы 41-1-тармағымен толықтырылсын:

"41-1. Маманның тегі, аты, әкесінің аты өзгерген жағдайда, тегін, атын, әкесінің атын ауыстыру себептері көрсетіле отырып:

1) өзгерген деректерімен жеке басы куәлігінің нотариалды куәландырылған көшірмесін;

2) тегін, атын, әкесінің атын ауыстыру туралы куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмесін/неке туралы (неке бұзу туралы) куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмесін;

3) маманның түрлі-түсті екі фотосын (3x4 мөлшеріндегі) қоса бере отырып, уәкілетті органға аттестат пен жеке бейждың көшірмесін беру туралы жазбаша

ө т і н і ш ж і б е р і л е д і .

Көшірмелерді беру кедендік ресімдеу жөніндегі мамандардың тізіліміне сәйкес он жұмыс күнінің ішінде жүргізіледі.

Кедендік ресімдеу жөніндегі мамандардың біліктілік аттестаттарын тіркеу журналына көшірмелерді беру туралы тиісті жазбалар енгізіледі.";

1, 2, 3, 4-қосымшаларда оң жақ жоғары бұрышындағы "Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 13 мамырдағы N 201 бұйрығымен бекітілген" деген сөздер алып тасталсын;

1, 2-қосымшаларда, барлық мәтін бойынша:  
"агенттігінің" деген сөз "комитетінің" деген сөзбен ауыстырылсын;

"Кедендік бақылау" деген сөздердің алдынан "Қаржы министрлігі" деген сөздермен толықтырылсын;

3-қосымшада кедендік ресімдеу жөніндегі мамандардың біліктілік аттестаттарын тіркеу журналының нысаны "Ескерту" деген бағанмен толықтырылсын.

2. "Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігінің Кедендік ресімдеу жөніндегі мамандарды аттестациядан өткізу жөніндегі Орталық комиссиясы туралы ережені және Кедендік ресімдеу жөніндегі маманның біліктілік алуға арналған біліктілік емтихандарын жүргізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 4 қарашадағы N 497 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2571 болып тіркелген, 2004 жылғы N 1-4 Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілерінің бюллетенінде 909-құжат болып жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

б а р л ы қ м ә т і н б о й ы н ш а :

"агенттігінің" деген сөз "комитетінің" деген сөзбен ауыстырылсын;

"Кедендік бақылау" деген сөздердің алдынан "Қаржы министрлігі" деген сөздермен толықтырылсын;

4 - т а р м а қ т а :

"бірінші" деген сөз алып тасталсын;

"А.Қ. Ержановқа" деген сөз "Б.Т. Әбдішевке" деген сөзбен ауыстырылсын;  
көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігінің Кедендік ресімдеу жөніндегі мамандарды аттестациядан өткізу жөніндегі Орталық комиссиясы туралы ережеде:

б а р л ы қ м ә т і н б о й ы н ш а :

"агенттігінің", "Агенттік" деген сөздер "комитетінің", "Комитет" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Кедендік бақылау" деген сөздердің алдынан "Қаржы министрлігі" деген сөздермен толықтырылсын;

10-тармақта "бірінші" деген сөз алып тасталсын;

12-тармақта "хатшысы" деген сөз алып тасталсын;

13 - т а р м а қ т а :

"хатшы" және "хатшы ретінде" деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 13-1-тармақпен толықтырылсын:

"13-1. Орталық комиссияның құрамына Орталық комиссияның жеті тұрақты мүшелерінің ішінен таңдап алынған хатшы кіреді.

Орталық комиссияның хатшысы:

Орталық комиссия мәжілісінің хаттамасын жүргізеді;

Орталық комиссияның функцияларын іске асыру кезінде техникалық жұмысты жүзеге асырады.";

19, 20-тармақтарда "- хатшының", "- хатшысы" деген сөздер алып тасталсын.

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Кедендік ресімдеу жөніндегі маманның біліктілік алуға арналған біліктілік емтихандарын жүргізу жөніндегі нұсқаулықта :

1 - т а р м а қ т а :

"агенттігінің" деген сөз "комитетінің" деген сөзбен ауыстырылсын;

"Кедендік бақылау" деген сөздердің алдынан "Қаржы министрлігі" деген сөздермен толықтырылсын;

5-тармақта "емтихандар өткізіледі" деген сөздердің алдынан "Орталық комиссия төрағасының немесе Орталық комиссия төрағасы орынбасарының қатысуымен" деген сөздермен толықтырылсын;

17, 18-тармақтар мынадай мазмұнда жазылсын:

"17. Емтихан комиссиясының әрбір мүшесі емтихан билеттері сұрақтарының әрбір жауабын және практикалық есептердің шешуін бағалайды.

18. Негізгі емтихан үшін алынған баға, емтихан билеттерінің сұрақтарына берілген әрбір жауап және практикалық есептерді шығарғаны үшін берілген баллдар негізінде алынған орташа балл ретінде айқындалады.".

1, 2, 4-қосымшаларда оң жақ жоғары бұрышындағы "Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 4 қарашадағы N 497 бұйрығымен бекітілген" деген сөздер алып тасталсын;

3-қосымша алып тасталсын.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің Кедендік бақылауды ұйымдастыру басқармасы (Ө.К.Бейіспеков) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің Ұйымдастырушылық жұмыс және бақылау басқармасы (К.І.Махамбетов) осы бұйрықтың бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

5. Аумақтық кедендік бөлімшелердің бастықтары осы бұйрықтың орындалуын қамтамасыз етсін.

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті төрағасының орынбасары Б.Т.Әбдішевке жүктелсін.

7. Осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін 10 күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Төраға*